

"Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 53/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 16 мамырдағы № 179/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 мамырда № 32548 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 02.06.2026 № 279/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 53/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16750 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Бағдарламалық қамтылымның тізілімге енгізу жөніндегі өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында бағдарламалық қамтылымға айрықша құқық немесе Қазақстан Республикасының аумағында бағдарламалық қамтылымның

айрықша мүлiктiк құқықтарын мынадай тұлғалардың бiреуiне не бiрнешеуiне: Қазақстан Республикасының жеке тұлғасына/ларына немесе заңды тұлғасына тиесiлi айрықша құқықтың бүкiл қолданылу мерзiмiне пайдалану құқығы;

2) ҚР СТ ISO/IEC 15408-3-2017 "Ақпараттық технологиялар. Қауiпсiздiктi қамтамасыз ету әдiстерi мен құралдары. Ақпараттық технологиялардың қауiпсiздiгiн бағалау өлшемшарттары. 3-бөлім. Қорғауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар" (бұдан әрi – ҚР СТ ISO/IEC 15408-3) сәйкес ақпараттық қауiпсiздiк талаптарын бағдарламалық қамтылым үшiн 4-iншi сенiм деңгейiнен төмен емес орындау немесе Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсiбi министрiнiң 2019 жылғы 3 маусымдағы № 111/НҚ бұйрығымен бекiтiлген (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 18795 болып тiркелген) "Электрондық үкiметтiң" ақпараттандыру объектiлерiне және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектiлерiне жатқызылған ақпараттық жүйелерге олардың ақпараттық қауiпсiздiк талаптарына сәйкестiгiне сынақтар жүргiзу қағидаларына сәйкес ақпараттық қауiпсiздiктi қамтамасыз ету саласындағы уәкiлеттi орган берген ақпараттық қауiпсiздiк талаптарына (бұдан әрi – Ақпараттық қауiпсiздiк талаптары) сәйкестiгiне сынау нәтижелерi бойынша актiнiң (бұдан әрi – сынау актiсi) болуы.

11. Электрондық өнеркәсiптiң тiзiлiмге енгiзу жөнiндегi өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) өнеркәсiптiк меншiк объектiсiне айрықша құқық немесе өнеркәсiптiк меншiк объектiсiн пайдалану құқығын келесi тұлғалардың (құқық иеленушiлердiң) бiреуiне не бiрнешеуiне: Қазақстан Республикасының жеке тұлғасына/тұлғасына немесе заңды тұлғасына тиесiлi бүкiл қолданылу мерзiмiне беру;

2) электрондық өнеркәсiп өнiмiнiң құрамына кiретiн бағдарламалық қамтылымның ҚР СТ ISO/IEC 15408-3 стандартына сәйкес 4-iншi қауiпсiздiк деңгейiнен төмен емес ақпараттық қауiпсiздiк талаптарына сай келуi (ҚР СТ ISO/IEC 15408-3 сәйкес электрондық өнеркәсiп өнiмiнiң құрамына кiретiн бағдарламалық қамтылымды сертификаттау мүмкiн болмаған жағдайда өтiнiш берушi электрондық өнеркәсiп өнiмiнiң құрамына кiретiн бағдарламалық қамтылымды сертификаттау мүмкiн еместiгi туралы қорытынды алу үшiн кемiнде екi сәйкестiктi растау органына жүгiнедi) немесе сынау актiсiнiң болуы."

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсiбi министрлiгiнiң Электрондық өнеркәсiптi және цифрлық активтер индустриясын дамыту департаментi Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәртiппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркеудi;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің
міндетін атқарушы*

А. Оразбек